

**«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ  
Өнім берушілердің мінез-құлық кодексі**

## **КІРІСПЕ**

Бизнесті тұрақты дамыту Қоғамның мүдделі тараптарының әлеуметтік қажеттіліктері мен үміттеріне батыл ден қоюға бағытталған «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) стратегиясының негізгі.

Осы Кодекс Қоғам жасасатын келісімшарттардың, шарттардың, келісімдердің (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады және Қоғамды өнім берушілердің қолдануы мен сақтауы үшін міндетті.

### **1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** Осы Кодексте «Қоғамның өнім берушілері» деп өздері Шартта белгіленген мерзімде өндіретін немесе сатып алатын тауарларды Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қоғам қызметіне пайдалану үшін Қоғамға беруге міндеттенетін не Қоғамның тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге және оның нәтижесін белгіленген тәртіппен Қоғамға тапсыруға міндеттенетін кез келген заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер түсіндіріледі.

**1.2.** Осы Кодексте «қолданыстағы заңнама» деп Қазақстан Республикасының заңнамасы, шарттық қатынастарға түсуіне байланысты және Шартта айқындалған Қоғамға және Өнім берушілерге қолданылатын заңнама түсіндіріледі.

**1.3.** Қоғамның өнім берушілері Қолданыстағы заңнама мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын ұстануы тиіс.

### **2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАР**

Қоғамның өнім берушілері мыналарды ұстанады:

- өз жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;
- өзінің жұмыскерлеріне, өкілдеріне және бірлесіп орындаушыларына/ қосалқы орындаушыларына/ қосалқы мердігерлеріне Қоғаммен жасалған Шарттар бойынша коммерциялық пара беруге және сыбайлас жемқорлық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады;
  - заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарына тыйым салады;
  - балалардың еңбегіне тыйым салады;
  - кез келген кемсітушілікті, оның ішінде жұмысқа орналасу мен еңбек қызметіне қатысты тыйым салады;
- жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына қатысты

нормативтік құқықтық актілерді ұстанады;

- ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ұстанады;
- Қазақстан Республикасының және/немесе өз қызметін жүзеге асыратын өзге де елдің еңбек заңнамасын сақтайды.

### **3. ЕҢБЕК НОРМАЛАРЫ**

**3.1.** Қоғамның өнім берушілері барлық жұмыскерлерге тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі және жұмыскерлердің еңбек құқықтарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

**3.2.** Кез келген кемсітушілік негіздеріне қарамастан, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне, жынысына немесе нәсіліне, ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, терісінің түсіне немесе этникалық тегіне, дініне, жасына, тіліне, отбасы, әлеуметтік және ата-ана мәртебесіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, қоғамдық бірлестіктерге және саяси себептерге, жүктілікке, мүгедектікке, сондай-ақ басқаларға қатысты қызметкердің іскерлік қасиеттеріне және оның жұмыс нәтижелеріне байланысты емес жағдайларға қатысты тыйым салынады.

**3.3.** Жұмысқа қабылдау үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төменгі жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Қоғамның өнім берушілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шартын жасасуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, балалардың немесе кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланбауы тиіс.

**3.4.** Қоғамның өнім берушілерінің барлық жұмыскерлерінде қажет болған жағдайда, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқадан басқа, олар үшін түсінікті тілде қол қойылған еңбек шарты немесе қызмет көрсетуге арналған шарт болуы тиіс.

Еңбек шарты жұмыс уақытының ұзақтығын, қосымша жұмыс уақытындағы жұмыс үшін өтемақыны, хабарлама мерзімін, жалақы мөлшерін және төлем жиілігін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де талаптарды қоса алғанда, барлық негізгі талаптарды белгілеуі тиіс.

**3.5.** Қоғамның өнім берушілері жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына және жұмыс берушінің басқа да міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ұстанады.

**3.6.** Қоғамның өнім берушілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін ұстанады. Қосымша жұмыс уақытында жұмыс істеу, демалыс және мереке күндері немесе түнгі уақытта жұмыс істеу шарттарға, еңбек немесе ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғары мөлшерде төленеді.

**3.7.** Қоғамның өнім берушілері жұмыскерлерге орлардың ана тілінде немесе өздері түсінетін тілде жазылған құқықтары мен міндеттерін білуге және толық түсінуге мүмкіндік береді.

**3.8.** Лауазымдық нұсқаулықтар әзірленуі, жаңартылуы және барлық

жұмыскерлер мен консультанттардың назарына жеткізілуі тиіс.

**3.9.** Заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық түрлері алып тасталды. Жұмыскерлерді ақшалай қаражатты немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың баламаларын кепілге қалдыруға міндеттеуге тыйым салынады. Жұмыскерлер еркін жүріп-тұруға және ерекше жағдайларда және дәлелді себептермен жұмыс уақытында басшының келісімі бойынша еңбек шартында белгіленген жұмыс орнынан кетуге құқылы. Ешкім физикалық жазалауға, заңсыз ұстауға, физикалық, жыныстық және/немесе психологиялық қудалауға ұшырамауы тиіс.

**3.10.** Жалақыдан ұстап қалу тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

**3.11.** Қоғамның өнім берушілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз жұмыскерлері үшін бірлестік бостандығына құрмет көрсетеді.

**3.12.** Қоғамның өнім берушілері жұмыскерлердің өкілдері мен басшылық арасында ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін жұмыскерлердің құқығын қолдауға міндеттенеді.

#### **4. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР**

**4.1.** Қоғамның өнім берушілері Қазақстан Республикасы заңнамасының олардың қызметіне қатысты барлық талаптарын қатаң ұстанады, оның ішінде:

**1) бәсекелестік:** тең шарттарда бәсекелестікті жүзеге асыруға қатысты барлық қолданыстағы нормативтік актілерді ұстану;

**2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты барлық қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді ұстану. Қоғамның өнім берушілері өз атынан немесе Қоғамның атынан тікелей немесе жанама түрде бизнес алу немесе сақтап қалу немесе қаражат немесе жеңілдіктер алу мақсатында Қоғам жұмыскерлеріне және үшінші тұлғаларға қандай да бір материалдық немесе басқа да көтермелеулер ұсынбайды;

**3) заңсыз алынған кірістерді заңдастыру:** заңсыз алынған кірістерді заңдастыруға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын ұстану. Қоғамның өнім берушілері ақшаны жылыстату практикасына қатыспауы немесе оны қолдамауы тиіс;

**4) мүдделер қақтығысы:** Қоғамның жұмыскерлеріне немесе олардың туыстарына қатысты олардың іскерлік қызметіне немесе қабылданған шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы бар жағдайлардың алдын алу, анықтау және анықтау;

**5) сыйлықтар мен ризашылық белгілері:** Қоғамның жұмыскерлеріне сыйлықтар мен ризашылық белгілерін ұсынудан бас тарту. Қоғам барлық сыйлықтар мен ризашылық белгілерін қабылдамайды

#### **5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР**

**5.1.** Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау, парақорлық, формальдылықты жеңілдету үшін сыйақы, алаяқтық,

ақшаны жылыстату және Қоғамның өнім берушілерінің қызметіндегі непотизмге қатаң тыйым салынады.

**5.2.** Қоғамның өнім берушілері өз жұмыскерлеріне мәмілеге әсер ету немесе жеке немесе іскерлік артықшылықтар алу мақсатында қолайлы қарым-қатынас орнына тікелей немесе жанама түрде төлемдерді, сыйлықтарды немесе артықшылықтарды ұсынуға, сұрауға, беруге немесе қабылдауға тыйым салады. Бұл талап отбасы мүшелеріне де, Қоғамның өнім берушілерінің және олардың бірлесіп орындаушыларының персоналына да қолданылады.

**5.3.** Қоғамның өнім берушілері әділ бәсекелестік пен еркін нарық қағидаттарын ұстануы тиіс. Бизнес шешімдері жеке қатынастар мен мүдделерді ескере отырып немесе олардың әсерінен қабылданбауы тиіс.

Қоғамның өнім берушілері танылған халықаралық стандарттарға негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасын енгізуі тиіс. Тиісті практикалық және ақпараттық дайындықты қамтитын бағдарлама ашық және тиімді болуы тиіс.

**5.4.** Қоғамның өнім берушілері өздерінің іскерлік беделіне немесе қабылданған шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін Қоғам өнім берушілері мен Қоғамның жұмыскерлері немесе олардың туыстары туралы нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы бар жағдайларды анықтау және алдын алу үшін көп жұмыс істейді.

Сыйлық дегеніміз – жұмыскерлердің кез келген үшінші тұлғадан алатын немесе Қоғам жұмыскерінің еңбек міндеттерін орындау барысында немесе Қоғам мен үшінші тұлға арасындағы іскерлік қатынастарға байланысты Қоғам атынан өтеусіз негізде Қоғам жұмыскерінің үшінші тұлғаға беретін кез келген құндылығы, пайдасы немесе артықшылығы.

## **6. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ**

**6.1.** Қоғамның өнім берушілері олардың қызметі өз жұмыскерлерінің, мердігерлердің, өз өнімдерін тұтынушылардың және басқа да адамдардың денсаулығы, сондай-ақ аумағында және үй-жайында шарттық қатынастар жүзеге асырылатын Қоғам жұмыскерлерінің қауіпсіздігі үшін қауіпсіз екендігіне кепілдік береді.

**6.2.** Қоғамның өнім берушілері еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі, жұмыскерлер денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі туралы ақпаратпен танысып, тиісті дайындықтан өтуі, оның ішінде өрт қауіпсіздігі, радиациялық қауіпсіздік, химиялық заттар мен жабдықтарды дұрыс пайдалану және төтенше жағдайларға дайындық және алғашқы медициналық көмек алуы тиіс.

**6.3.** Қоғамның өнім берушілерінің жұмыскерлерінде аварияларға/жарақаттарға немесе кәсіптік аурулардың туындауына әкеп соғуы мүмкін ықтимал тәуекелдерді тиісті алдын алу шараларын (мысалы, жобалау, инжиниринг, әкімшілік бақылау, профилактикалық қызмет көрсету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер, қауіпсіздік жөніндегі ағымдағы тренингтер, сондай-ақ жеке қорғану құралдарымен жарақтандыру) қабылдау арқылы бағалау және бақылау қажет.

**6.4.** Қоғамның өнім берушілері қауіпті жұмыс түрлеріне тән факторларды барынша азайту мақсатында жазатайым оқиғалар мен жарақаттардан, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулардан болатын зардаптардың алдын алу немесе жою жөнінде барабар шаралар қабылдауға міндетті. Қоғамның өнім берушілері өз жұмыскерлеріне қосымша ақысыз тиісті жеке қорғаныс құралдарын ұсынуы тиіс. Дене жарақаттарына әкеп соққан кез келген оқиға немесе жазатайым оқиға, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулар құжатпен ресімделіп, Қоғамның өнім берушісінің жоғары басшылығының назарына жеткізілуі тиіс.

**6.5.** Қоғам өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қоғамдағы қауіпсіздікті үздіксіз жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді және бұл туралы өзінің іскер серіктестерін міндеттейді. Өндірістік алаңдарда жұмыстарды орындау кезінде Қоғамның өнім берушілері еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жоғары стандарттарды сақтайды, авариялық жағдайдың туындағаны туралы дереу хабарлауға жауапты болады.

**6.6.** Қоғамның өнім берушілері, Қоғамның немесе оның жұмыскерлерінің сот тәртібімен дәлелденген кінәсі болған жағдайларды қоспағанда, Қоғамды кез келген жауапкершіліктен, барлық шағымдар, талаптар, сот талаптары бойынша сомаларды төлеуден және жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету процесінде өнім берушілердің жұмыскерлерімен болған мертігуге және өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларға байланысты кез келген шығыстардан босатуға кепілдік береді.

## **7. ҚОРШАҒАН ОРТА**

**7.1.** Қоғамның өнім берушілері қоршаған ортаны қорғауға және олардың табиғи ресурстарға теріс әсерін барынша азайтуға ықпал ететін іс-шараларды енгізуі және/немесе орындауы тиіс.

**7.2.** Қоғамның өнім берушілері Шартты орындау кезінде өндірілетін зиянды заттардың көлемін шектейді, сондай-ақ қоршаған ортаға үлкен зиян келтірместен осындай қалдықтарды жоюды, кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді.

**7.3.** Қоғамның өнім берушілері улы заттарды пайдаланудың алдын алу шараларын қабылдауы тиіс. Балама болмаған жағдайда Қоғамның өнім берушілері улы заттарды қолдануды барынша азайтып, қауіпсіз өңдеуді және олардың жойылуын қамтамасыз етуі тиіс. Басқа зиянды заттарға, элементтерге немесе шектеулі пайдаланудағы қалдықтарға қатысты қоғам жеткізушілері қолданылатын барлық құқықтық нормаларды қатаң сақтауы тиіс.

**7.4.** Қоғамның өнім берушілері табиғатты үнемдеу технологияларын (мысалы, ластаушы заттарды, көмірқышқыл газының бөлінуін бақылауды), сондай-ақ энергияны үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендететін логистикалық стратегияларды (әсіресе сақтауға, шамадан тыс жүктеуге және тасымалдауға қатысты) енгізеді.

**7.5.** Қоғамның өнім берушілері тауарлардың жалпы қызмет ету мерзімі

кезінде, өз тауарларын пайдалану сапасын қолдау және/немесе жақсарту кезінде қоршаған ортаға, еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына теріс әсерді жою немесе азайту мақсатында өз тауарлары мен қызметтерін дамытуға қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздік еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі өлшемшарттарды қамтиды.

**7.6.** Қоғамның өнім берушілері жеткізілетін тауарлардың осындай тауарларға қолданылатын стандарттар мен нормаларға сәйкес келетіндігін растауы тиіс.

**7.7.** Өнім берушілер мен олардың жұмыскерлері Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде адамдардың өміріне және/немесе денсаулығына қатер төндіретінін анықтаған жағдайда, сондай-ақ Қоғамның және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкін жою және/немесе бүлдіру жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді олар толық жойылғанға дейін дереу тоқтатады.

## **8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ**

**8.1.** Қоғамның өнім берушілері, егер олар оны жария етуге арнайы жазбаша рұқсат алмаса, Қоғамнан, оның серіктестерінен, Қоғам өткізетін іскерлік іс-шаралардың, шарттардың, жобалардың, құрылымның, қаржылық жағдайдың немесе қызмет бойынша келіп түсетін кез келген ақпараттың құпиялылығын сақтауы тиіс.

**8.2.** Қоғамның өнім берушілері клиент деректерінің сақталуы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін жүйелерді пайдалануы, құпия деректердің шығып кетуіне жол бермеуі тиіс.

Осымен Қоғамның өнім берушілері өз жұмыскерлерін осы Кодекспен таныстыру міндеттемесін қабылдайды.

Осы Кодекс Қоғам өзінің өнім берушілерімен жасасатын Шарттан туындайтын тиісті құқықтық қатынастарға қолданылады.